

## **Жалпы оқу қорынан әлеуметтік көмекті кімдер ала алады** **Әлеуметтік қорғалмаған оқушыларды қолдау қалай жасалады**

Әлеуметтік қорғалмаған оқушыларға көмек ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың не кәмелеттік жасқа жеткен білім алушының өтініші негізінде бөлінеді.

### **Жалпы оқу қорынан көмек келесі санаттағыларға көрсетіледі:**

- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;
- төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі - білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың не кәмелеттік жасқа жеткен білім алушының өтініші білім ұйымының басшысының атына беріледі. Өтініш алқалы органмен түскен күннен бастап 15 күн ішінде қарастырылады.

### **Жалпы оқу қорынан көмек:**

- 1) киім, аяқ киім, оқулықтар, оқу құралдарын, мектеп-жазу құралдарын сатып алуға;
- 2) оқитын жерінде тамақтандыруды ұйымдастыруға;
- 3) қаржылай көмек көрсетуге;
- 4) санаторий-курорт ұйымдары мен демалыс лагерьлеріне жолдамалар сатып алуға;
- 5) білім алушылардың мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуына жұмсалады.